

2025 ЕН1199

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық
портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін
сенімгерлік басқару туралы 16.11.2022 ж. № 17/25/16-11-22/П шарттың
үлгі нысанына №1 қосымша келісім**

Алматы қ.

№17/25/16-11-22/П

«12» ноябрь 2022 ж.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Алматы қ. Әділет департаментінің Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 22.08.2013 жылғы №15242-1910-АО мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Курманов Жанат Бостанович** арқылы,

«Nalyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы, 04.11.2016 жылғы № 3.2.229/7 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия, БСН 041140004401, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Охонов Фархад Рашидович** арқылы,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 16.11.2022 ж. № 17/25/16-11-22/П шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №1 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 11-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) брокерлік комиссиялар, биржалық алымдар төлеуге байланысты шығыстарды және бастапқы құжаттармен расталып, жасалған кастодиан шартқа сәйкес ай сайын үш жақты салыстыру актісімен тіркелетін Басқарушының зейнетақы активтерімен мәмілелері бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты басқа шығыстарын зейнетақы активтерінің есебінен төлеуге міндетті.»;

2) 13-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«10) зейнетақы активтерімен мәмілелерді номиналдық ұстау, оларға қызмет көрсету және зейнетақы активтері есебінен сатып алған қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу бойынша қызметтер көрсететін кастодиан банк ұсынған шоттарды, сондай-ақ Шарттың 11-тармағының 10) тармақшасымен көзделген шығыстарды қоспағанда, қызметтері зейнетақы активтерін басқару үшін қажет үшінші тұлғаларды тартуға байланысты шығыстарды төлеуге;».




2. Қосымша келісіммен өзгертілмеген және оған қайшы келмейтін Шарт талаптары Тараптар үшін заңды күшін сақтайды.

3. Қосымша келісім – Шарттың ажырамас бөлігі.

4. Қосымша келісім Тараптар қол қойған соң БЖЗҚ-да тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

5. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысына 1 (бір) данадан заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) бірдей дана етіп жасалды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Қор	Басқарушы
<p>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Алматы қ., Самал-2 ы/а, 97-үй, 13 т.е.ү. Samal Towers БО БСН 971240002115 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ776010131000118840, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БЕК 15 телефон: +7(727) 331-66-99</p>	<p>«Haluk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы Алматы қ., Алмалы ауданы, Абай даңғ., 109 В, 5-қабат БСН 041140004401 ЖСК KZ896010131000168967 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX БЕК 15 телефон: +7 (727) 339-43-77</p>
<p> (қолы) М.О.</p> <p> Курманов Ж.Б. (ТАӘ)</p>	<p> (қолы) М.О.</p> <p> Охонов Ф.Р. (ТАӘ)</p>